

Каспий Құбыр арнасы Консорциумының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 наурыздағы N 371

Қазақстан Республикасының батыс аймақтарында өндірілген мұнайды Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қара теңіз аумағында орналасқан экспорттық терминалдарға тасымалдауға арналған арнаулы экспорттық құбыр арнасы жүйесін құру мақсатында және қабылданған Шарттардың Мүше-Негізін салушылар - Қазақстан Республикасы, Оман Сұлтанаты және Ресей Федерациясы Үкіметтері арасында 1992 жылғы 17 маусымда жасасылған (құбыр арнасы консорциумы жөніндегі келісім) Каспий Құбыр арнасы Консорциумы жөніндегі келісімді Каспий Құбыр арнасы Консорциумы - КҚАК Мүше-негізін салушылар 1996 жылғы 7 наурызда қол қойған Хаттаманың және 1996 жылғы 27 сәуірде Мүше-Негізін салушылар мен Өндіруші компаниялар арасындағы КҚАК қайта ұйымдастыру туралы хаттаманың дамытатындығын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-Р" және "Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-К" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 1996 жылғы 6 желтоқсандағы Шарт, Каспий Құбыр арнасы Консорциумын қайта ұйымдастыру туралы Шарт және акционерлердің Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Оман Сұлтанаты Үкіметтері мен "Оман Ойл Компани Лимитед", "Шеврон Оверсиз Петролеум Инк." компаниялары, "ЛУКОЙЛ мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Мобил Корпорейшн" компаниясы, "Роснефть мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамымен, "Аджип СПА", "Бритш Газ Эксплорейшн энд Продакшн" компанияларымен, "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясымен, "Орикс Энерджи Компани" компаниясымен және Каспий Құбыр арнасы Консорциумы Лимитед (бұдан былай - акционерлер шарты) арасындағы шарттар мақұлданын.

2. "Казахойл" ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті "Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-К" (КҚАК-К) және "Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-Р" (КҚАК-Р) акционерлер кеңестерінде оларда өзінің уәкілетті өкілін тағайындау құқығымен Қазақстан Республикасы үкіметінің өкілетті өкілі болып тағайындалсын.

3. "Казахойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы Қазақстан Республикасына КҚАК-К мен КҚАК-Р бөлінген акциялардың тіркелген акция ұстаушысы және "Қазақстандық вексельді" - "КҚАК-К" жабық акционерлік қоғамының екінші дәрежелі қарыз міндеттемесін ұстаушы болып айқындалсын, бұл жағдайда аталған акцияларға билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Үкіметінде қалдырылады.

4. "Казахойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы "КҚАК-К" жабық акционерлік

қоғамының атқарушы органында өз өкілдерін тағайындасын.

5. Каспий Құбыр арнасы Консорциумы жөніндегі келісімге және "Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-К" (бұдан былай - КҚАК) жабық акционерлік қоғамы акционерлерінің Шартына сәйкес;

Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр арнасы Консорциумының қайта ұйымдастырылған жобасын жобалауға, құрылыс салуға, иелік етуге, қаржыландыруға, пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге тікелей құқылы;

Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр арнасы Консорциумының жүйесі бойынша сұйық көмірсутектерін тасымалдау жөнінде көрсеткен қызметтер үшін тариф белгілейді және алады;

Қазақстан Республикасының аумағында Каспий Құбыр арнасы Консорциумының жүйесін кімдер пайдалана алатындығын айқындайтын ережелерді реттейді және бекітеді деп белгіленсін.

6. Заң актілерін, халықаралық шарттарды жасау, өзгерту немесе күшін жою кезінде шетелдік инвесторлардың КҚАК-К-дегі экономикалық қызметі жағдайын нашарлататын болса, оның шетелдік инвесторлары заңның, шарттардың ережелеріне және КҚАК-К-дегі шетелдік инвесторлар шығарған бастапқы инвестициялар сәтінде қолданылған талаптарға жүгіне алады деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес былай деп белгіленсін: сұйық көмірсутектерін халықаралық тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда нольдік ставка бойынша салық салынады;

Қазақстан Республикасынан қазақстандық құбыр арнасы активтерін КҚАК-К пайдасына беру және бұл активтердің Қазақстан Республикасына қайтарылатын мүмкіндігі қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

8. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары заңға сәйкес Каспий Құбыр арнасы Консорциумының қайта ұйымдастырылған жобасын жобалауды, құрылыс салуды, пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге қажетті лицензиялар мен өзге де рұқсаттар берсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы жоба бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

